



AsiaCredit Bank

«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»
акционерлік қоғамының

Екінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымы проспектісі

(«AsiaCredit Bank(АзияКредит Банк)» АҚ)

Шығарылым:	бірінші
Облигациялардың түрі:	купондық облигациялар, қамтамасыз етілмеген
Шығарылымның көлемі:	50 000 000 000 (елу миллиард) теңге
Облигациялардың белгіленген бағасы:	1 (бір) теңге
Даналар саны:	50 000 000 000 (елу миллиард) дана
Шығарылымның нысаны:	құжаттамасыз

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға катысты қандай да бір ұсынымдарды беру дегенді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжатта жазылған ақпараттың дұрыстығына жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қарастырылды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың дұрыстығына жауапты және онда берілген барлық ақпараттың дұрыс екендігін және инвесторларды Эмитент пен оның облигацияларына катысты аласушылыққа алып келмейтіндігін растайды.

Алматы қ. 2014 ж.

I. Осы облигациялар шығарылымы «AsiaCredit Bank» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «АзияКредитБанк» АҚ) (бұдан әрі - Эмитент) екінші облигациялық бағдарламасы шығарылымының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

II. Эмитенттің облигациялық бағдарламасы туралы мәліметтер:

- 1) екінші облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні – уәкілетті орган екінші облигациялық бағдарламаның проспектісін 2013 жылы 14 қарашада № E56 нөмірімен тіркеді.
- 2) шығарылым жүзеге асырылатын екінші облигациялық бағдарламаның акшалай көлемі – 50 000 000 000 (елу миллиард) теңге;
- 3) облигациялар шығарылымының реттік нөмірі – екінші облигациялық бағдарламаның аясындағы облигациялардың 1 (бірінші) шығарылымы;
- 4) облигациялардың алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні, облигациялардың саны, шығарылымның атаулы құн бойынша көлемі және аталмыш облигациялық бағдарламаның шегінде әрбір шығарылым бойынша жеке орналастырылған облигациялардың саны):
Шығарылым Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасының аясында бірінші шығарылым болғандықтан, ол қолданылмайды.

III. Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі бірінші шығарылымның құрылымы:

1. *Облигациялардың түрі:* қамтамасыз етілмеген атаулы купондық облигациялар.

2. *Шығарылатын облигациялардың саны* – 50 000 000 000 (елу миллиард) дана. Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі - 50 000 000 000 (елу миллиард) теңге.

3. *Бір облигацияның атаулы құны* – 1 (бір) теңге;

4. *Төмендегідей көрсетілген облигациялар бойынша сыйақы:*

1) *облигациялар бойынша сыйақы молишерлемесі:*
барлық айналыс кезеңінде жылдық 8,00% (сегіз пайыз) деңгейінде белгіленген

2) *облигациялар айнала бастаған күн:*

Облигациялар айнала бастаған күн – облигациялар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап. Ресми тізімге енгізілген күн туралы хабарлама Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz) жарияланатын болады.

3) *сыйақы есептеле басталатын күн:*

Купондық сыйақы есептеле бастаған күн олардың айналысқа енгізілген күні табылады.

4) *сыйақының төленетін кезеңділігі және күндері:*

Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу жылына екі рет, облигациялар айналысқа енгізілген күннен бастап өтейтін күнге дейін жыл сайын әрбір 6 (алты) ай сайын жүргізіліп отырады.

5) *сыйақы төлеу тәртібі және шарттары:*

Купондық сыйақыны төлеу үшін облигацияны ұстаушылардың тізілімін белгілеу осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында жүргізіледі. Облигациялар бойынша сыйақы төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша оны алу құқығына ие тұлғаларға төленетін болады. Купондық сыйақыны төлеу ақшаны облигацияны ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияны ұстаушылардың банктік шоттарына аудару арқылы төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі. Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, купондық сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шот болған жағдайда облигацияны ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша теңге арқылы облигацияны ұстаушылардың банктік шоттарына жүргізіледі. Облигацияны ұстаушыдан жазбаша

түрде тиісті өтініш алған кезде, теңге бойынша соманы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша басқа валютаға айырбастауға болады. Соманы теңгеден басқа валютаға айырбастау облигацияны ұстаушының есебінен жүргізілетін болады.

6) **сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:**

облигациялар бойынша купондық сыйақыны есептеу Биржаның регламентіне сәйкес 360/30 уақытша база есебінен жүргізіледі (жылына 360 күн/айына 30 күн).

7) **индекс қойылған облигациялар шығарылған кездегі есеп айырысу тәртібі:**

облигациялар шығарылымы индекс жүргізілмегендіктен қолданылмайды.

8) **егер сыйақы мөлшерлемесі белгіленген болмаса, оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі:**

сыйақы мөлшерлемесі облигациялардың барлық айналатын кезеңінде белгіленген болып табылады.

5. **Облигациялардың айналысы және оларды өтеу туралы мәліметтер:**

1) **облигациялардың орналастырыла басталған күні:**

барлық айналатын кезең ішінде айнала бастаған күннен бастап.

2) **облигациялардың айналатын мерзімі:**

облигациялардың айналатын мерзімі – айнала бастаған күннен бастап 10 (он) жыл

3) **және оларды өтеу шарттары:**

Облигациялар айналатын соңғы күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақшаны аударып, облигацияны ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақшаны аударып, соңғы купондық кезеңдегі сыйақыны біржолғы етіп төлей отырып, облигациялар атаулы күн бойынша теңгеде айналым мерзімінің соңында өтеледі. Егер облигацияны ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, негізгі борыштың сомасын және соңғы купондық сыйақыны төлеу облигацияны ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттары Қазақстан Республикасының аумағында болған кезде, банктік шоттарына жүргізілетін болады. Облигацияны ұстаушылардан жазбаша түрде тиісті өтініш алған кезде, Қазақстан Республикасының жоғарыда көрсетілген бейрезиденттері үшін сомаларды теңгеде және өзге де валютада айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мұндай төлем жүзеге асырылатын күні белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Сомаларды теңгеде және өзге де валютада айырбастау облигацияны ұстаушылардың есебінен жүргізілетін болады.

Соңғы кезеңдегі негізгі борышты және купондық сыйақыны алуға облигацияны ұстаушылардың тізілімінде облигациялар айналатын соңғы күннің басындағы жағдай бойынша тіркелген тұлғалар құқылы.

4) **Облигациялардың айналуы:**

облигациялар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарыктарда айналыста болады.

5) **облигацияларды өтеу күні:**

облигациялар айнала бастаған күннен бастап 10 (он) жыл өткеннен кейін.

6) **облигацияларды өтеу жүргізілетін орын:**

Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қ., Гоголь көш., 95/70 тел.: 8 (727) 258-85-55 факс: 8 (727) 258-88-55.

6. **Облигациялар бойынша қамтамасыздық:** аталмыш шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген және/немесе ипотекалы емес

7. **Облигацияны ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер** – Облигацияны ұстаушылардың өкілі ретінде бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы бола отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау комитетінің делдалдық және дилерлік қызметті жүзеге асыруға 2004 жылғы 22 қыркүйекте берілген № 0401200886 лицензиясының негізінде өз қызметтерін ұсынатын «Сентрас Секьюритиз» АҚ болып табылады. «Сентрас Секьюритиз» АҚ «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының мүшесі болып

табылады. «Сентрас Секьюритиз» АҚ орналасқан жері: Алматы қ., Манас көш., 32А, тел.: +7 (727) 259-88-77, факс +7 (727) 259-88-87. 2014 жылғы 30 қыркүйектегі облигацияны ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы №№ 04/2-ПДО Шарт.

8. Тіркеуші туралы мәліметтер – Эмитенттің облигациясын ұстаушылардың тізілімін жүргізу мен сақтауды «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы жүзеге асырады, лицензиясыз әрекет етеді. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Абылай хан даңғ., 141, тел.: 8 (727) 330-24-64. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу туралы шарт нөмірі: 2014 жылғы 01 қаңтардағы 230.

9. Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер – облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдардың атаулары, орналасқан мекенжайлары, тиісті шарттардың күндері мен нөмірлері:

«Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі және Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының мүшесі болып табылатын «АСЫЛ-ИНВЕСТ» акционерлік қоғамы Эмитенттің андеррайтері болып табылады. 15.03.2007 жылғы Лицензия №04032000645. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік: Алматы қаласы бойынша Әділет департаменті берген 18.07.2006 жылғы № 79191-1910-АҚ Заңды мекенжайы: Алматы қ., Байтұрсынов көш., 132 Б, 2 қабат. Нақты мекенжайы: Алматы қ., Әл-Фараби даңғ. 17/1, «Нұрлы Тау» БО, 5Б блок, 18 қабат. Тел. +7 (727) 300 43 01, факс +7 (727) 300 43 99. 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 2 Андеррайтерлік қызметтер көрсету туралы шарт. Эмитент облигацияларды орналастыруды өзінің андеррайтері арқылы, сондай-ақ өз бетінше жүзеге асыратын болады.

10. Облигацияларды Биржаның ресми сайтына енгізу мен орналастыру мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйымдар туралы мәліметтер:

«Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі және Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының мүшесі болып табылатын «АСЫЛ-ИНВЕСТ» акционерлік қоғамы Эмитенттің қаржы консультанты болып табылады. 15.03.2007 жылғы Лицензия №04032000645. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік: Алматы қаласы бойынша Әділет департаменті берген 18.07.2006 жылғы № 79191-1910-АҚ Заңды мекенжайы: Алматы қ., Байтұрсынов көш., 132 Б, 2 қабат. Нақты мекенжайы: Алматы қ., Әл-Фараби даңғ. 17/1, «Нұрлы Тау» БО, 5Б блок, 18 қабат. Тел. +7 (727) 300 43 01, факс +7 (727) 300 43 99. 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 2 Қаржылық-консультациялық қызметтер көрсету туралы шарт.

11. Төлем агенті туралы мәліметтер:

Төлем агенті көзделмеген. Облигациялар өтелген кезде, Эмитент купондық сыйақыны және олардың атаулы құнын төлеуді өз бетінше жүзеге асырады.

12. Облигацияны ұстаушыға облигацияда ұсынылатын құқықтар –

Эмитенттің облигациясын ұстаушылар:

- облигациялардың атаулы құнын осы Проспектіде көзделген мерзімдерде алуға;
- купондық сыйақыны осы Проспектіде көзделген мерзімдерде алуға;
- акпаратты осы Проспектіде көзделген тәртіпте алуға;
- өзіне тиесілі облигацияларды еркін сатуға және өзге де түрде иеліктен шығаруға;
- Эмитентке қоятын өзінің талаптарын Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте қанағаттандыруға құқылы;
- осы Проспектіде көзделген жағдайларды қоспағанда, облигацияларды ұстаушылардың облигациялардың сатып алынуын талап етуге құқығы жоқ;

13. Орналастырылған облигацияларды сатып алу:

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өзінің облигацияларын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес айналатын мерзімі ішінде оларды ұйымдастырылған және

ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алуға және сатуға құқығы бар. Мәміленің мерзімдері мен бағасы мәміле жасасатын сәтте қалыптасқан нарықтық шарттардың негізінде айқындалады. Ақшаны төлеу және/немесе қайтару аталған облигацияларды сатушының шотына аудару арқылы қолма-қол ақшасыз түрде жүзеге асырылады. Эмитенттің облигацияларды сатып алуы өзге де облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының бұзушылығына алып келмеуі тиіс.

Сатып алынған облигациялар өтелген болып есептелмейді және Эмитент қайта орналастыра алмайды.

Шектеулер (ковенанттар) бұзылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күні ішінде, сондай-ақ «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының №461-ІІ (бұдан әрі – Заң) 15 және 18-4 баптарында көзделген жағдайларда, облигацияны ұстаушы Эмитенттің мекенжайына өзіне тиесілі облигацияларды сатып алатыны туралы жазбаша өтініш жіберуге құқылы. Эмитент облигацияны ұстаушының өтінішін алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өтінішті қарайды.

Эмитент органы облигациялардың сатып алынатын мерзімдері мен тәртібі туралы тиісті шешімді қабылдағаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күні ішінде облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады. Эмитенттің корпоративтік сайтында (www.asiacreditbank.kz/) және/немесе Эмитенттің Жарғысында айқындалған бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялана отырып, сондай-ақ Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz/) ақпарат орналастырыла отырып қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде оның органының шешімі облигацияны ұстаушылардың назарына жеткізетін болады.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажет деректемелерді көрсете отырып, еркін түрде өтініш беруі тиіс:

- Занды тұлға үшін: облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, берілген күні мен оны берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алынуға тиіс облигациялардың саны мен түрі;
- Жеке тұлға үшін: облигацияларды ұстаушының аты-жөні, әкесінің аты, бар болса; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні мен оны берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алынуға тиіс облигациялардың саны мен түрі.

Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияны ұстаушылардың банктік шоттарына атаулы құнды және жинақталған купондық сыйақыны аударып отырып, облигацияны ұстаушыдан міндеттемелерді орындау туралы жазбаша талап алған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды сатып алу жүзеге асырылады.

Осы Проспектіде берілген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, сондай-ақ Заңның 15 және 18-4 баптарында көзделген жағдайларда, облигацияларды сатып алу рәсімі облигацияларды ұстаушылар берген өтініштердің негізінде ғана жүргізілетін болады. Сатып алуға өтініш бермеген облигацияларды ұстаушылар өздеріне тиесілі облигацияларды осы Проспектіде көрсетілген аталмыш шығарылым айналатын мерзім аяқталысымен өтеуге құқылы.

14. Эмитенттен облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы:

Эмитент осы Проспектіде көзделген өз міндеттемелерін сақтаған кезде, аталмыш шығарылым облигацияларын ұстаушылардың Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап ету құқығы көзделмеген.

Эмитент Заңның 15 және 18-4 баптарында көзделген шарттарды бұзған жағдайда, облигацияларды ұстаушылар облигацияларды сатып алуға құқылы. Эмитент орналастырылған облигацияларды облигацияны ұстаушылардың талап етуімен Заңның 15 бабы 2 тармағында көзделген купондық сыйақы ескерілген облигациялардың тиісті атаулы құнына сәйкес келетін бағада сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

15. Орналастырылған облигацияларды сатып алуды Эмитент жүргізуі тиіс (Бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасы Заңының 15 және 18-4 баптарына сәйкес):

- 1) Эмитент органының облигацияларды делистингілеу туралы шешім қабылдауы;
- 2) Биржаның тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында анықталған ақпаратты қор биржасына ұсынуға қатысты арнайы (листингілік) талаптарының орындалмаған себебі бойынша Эмитенттің облигацияларын делистингілеу туралы шешім қабылдауы;

- 3) Облигацияларды бұрынғы ұстаушымен жасалған шарттың әрекет етуі тоқтатылатын немесе бұзылатын күнінен бастап, отыз күнтізбелік күннен асатын мерзімде облигацияны ұстаушылардың өкілімен Эмитенттің шарт жасаспауы.

Белгіленген оқиғалар туындаған жағдайда, Эмитент орналастырылған облигацияларды жиналған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың атаулы құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе қандай шаманың барынша жоғары болатындығына қарай облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша төлеп алуға міндетті болады.

Листингтік комиссияның айналымдарды ұйымдастырылған нарықта жоспарланатын облигациялар шығарылымы проспектісіне кіргізу ұсынымдары, инвесторлардың құқықтары мен мүддесін қорғауды қамтамасыз етуге қажет қосымша шектеулер (ковенанттар):

- 2) Эмитент пен биржа арасында жасалған листингтік шартта белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті беру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- 2) Аудиторлық есептерді беру мерзімдерінің бұзылу себебі аудиторлық компанияның кінәсі болған жағдайларды қоспағанда, Эмитент пен биржалар арасында жасалған Эмитенттің листингтік шартта белгіленген жылдық қаржылық есептілігін беру мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

Жоғарыда көрсетілген ковенанттар бұзылған жағдайда, бұзылу орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент бұзылу себептерін, аталмыш бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін толық сипаттай отырып, көрсетілген шарттардың бұзушылығы туралы хабарламаны Эмитенттің (www.asiacreditbank.kz) және Биржаның (www.kase.kz) ресми сайтында жариялау міндеттенеді.

16. Орын алған уақытта Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар көрсетіледі.

Облигациялар бойынша дефолт - бұл Проспектіде белгіленген, сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлейтін мерзімдер аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде облигациялар бойынша сыйақының және/немесе атаулы құнының төленбеуі немесе толық емес көлемде төленуі. Егер бұл мерзім өтісімен Эмитент өз міндеттемелерін орындамаса, облигацияны ұстаушылардың барлық құқықтары мен олардың мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Облигациялар бойынша дефолт басталған кезде эмитент дефолтты болдырған себептерді жоюға бар күшін салады. Облигациялар бойынша дефолт басталған кезде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіп пен жағдайларда жүзеге асырылатын болады.

Міндеттемелерді орындамау тежеусіз күш жағдайларының салдарынан орын алған жағдайда, Эмитент осы Проспект бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Тежеусіз күш жағдайлары ретінде олардың орын алатындығын білу немесе алдын алу мүмкін болмайтын жағдайлар түсіндіріледі (апатты жағдайлар, әскери іс-әрекеттер және т.б.). Тежеусіз күш жағдайлары орын алған кезде, Проспект бойынша міндеттемелерді орындау аталған жағдайлар мен олардың салдарлары жалғасатын уақытқа сәйкес мерзімге кейінше қалдырылады.

17. Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда, Эмитентпен қабылданатын шаралар, облигация бойынша сыйақы төлеуге қатысты міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде қолданылатын облигацияны ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері:

Облигацияны ұстаушылардың алдында сыйақы және/немесе негізгі борышты төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Эмитент келесі шараларды қолданады:

- Эмитенттің кінәсінен облигацияны ұстаушылардың алдында сыйақы және/немесе негізгі борышты төлеу бойынша өз міндеттемелері орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, Эмитент облигацияны ұстаушыларға мерзімін кешіктірген әрбір күнге ақшалай міндеттеме немесе оның бөлігі орындалған күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне қарай есептелетін өсім есептейді және төлейді (яғни, сол үшін төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні).
- Облигациялар бойынша дефолт орын алған кезде Эмитент дефолтқа себеп болған барлық себептерді жою және облигацияны ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды орындайды.

- Эмитент дефолттан шығудың жолын анықтау мақсатында облигацияны ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастамшы болады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті көлемдер мен орындалу мерзімдерін көрсетумен облигацияны ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындауы бойынша іс-шаралар жоспары жасалады.
- Облигациялар бойынша дефолт жағдайында Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған Эмитентпен қабылданатын шараларға кез келген қайта ұйымдастырушылық, ұйымдастырушылық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-шаралар кіреді, соның ішінде төмендегілерді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей:
 - 1) әкімшілік шығындарды қысқарту, соның ішінде қызметкерлердің штаттық санын қысқарту арқылы;
 - 2) қолда бар активтерді өткізу;
 - 3) ағымдағы берешекті қайта қаржыландыру мақсатында Эмитент кредиторларымен келіссөздер жүргізу;
 - 4) Эмитенттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде жеке капиталын арттыру мақсатында Эмитент акционерлеріне хабарласу.

18. Эмитенттің құрамына орындалмаған міндеттемелер көлемі, міндеттемелердің орындалмау себептері, сондай-ақ облигацияны ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерінің тізбесі, оның ішінде талап қою арқылы Эмитентке, Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ және біріккен жауапкершілік алатын тұлғаларға хабарласу тәртібі кіретін облигацияны ұстаушылардың назарына дефолттың орын алу дерегі туралы ақпаратты жеткізу тәртібінің, мерзімі мен әдісінің сипаттамасы:

Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда Эмитент облигацияны ұстаушыларға оларды өтеу кезінде купондық сыйақы және/немесе облигациялардың атаулы құнын төлеу үшін осы Проспектіде белгіленген кезең аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей Биржаның ресми сайты арқылы хабарлама жариялаумен, сонымен қатар төмендегі ақпараттан тұратын Эмитенттің сайтында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы осы Проспектіде көзделген жағдайлар бойынша міндеттемелердің орындалуының мүмкін еместігі туралы хабарлауға міндеттенеді:

- облигациялардың параметрлері туралы;
- облигацияларды өтеген кезде купондық сыйақының және/немесе олардың атаулы құны төленуі тиіс күн туралы;
- дефолт айғағы туралы;
- Эмитенттің дефолт күніндегі жағдай бойынша орындалмаған міндеттемелерінің көлемі туралы;
- міндеттемелердің орындалмау себептері туралы;
- облигацияны ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері туралы, соның ішінде олардың Эмитентке талаппен хабарласу тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда;
- Эмитент өзінің міндеттемелерін орындауы үшін қабылдайтын шаралар туралы;
- Эмитент облигациялар ұстаушыларымен облигациялар бойынша есеп айырысуды жоспарлайтын күн туралы;
- Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

19. Егер Эмитент көрсетілген ақпаратты жариялауды өзге заңды тұлғаға тапсырған жағдайда, осы тұлғаның толық және қысқартылған атауы мен оның орналасқан орны көрсетіледі:
Көрсетілген ақпаратты жариялауды Эмитент өзге заңды тұлғаға тапсырмайды.

20. Эмитентке, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ және біріккен жауапты тұлғаларға хабарласу тәртібі:

Ортақ және біріккен жауапты тұлғалар жоқ. Эмитент облигацияларды орналастыру арқылы ақшалай қаражатты тартуға байланысты өз міндеттемелері бойынша жеке өзі жауапты.

21. Облигацияны ұстаушылардың Эмитенттің дефолт жағдайында өз қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттері:

Аталмыш шығарылым облигациялары бойынша дефолт орын алған жағдайда облигацияны ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған шарттарда жүзеге асырылатын болады.

22. Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы (аталмыш құқық Эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімімен көзделген жағдайда) - Эмитенттің облигациялардың аталмыш шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы көзделмеген.

23. Эмитенттің облигацияны ұстаушыларын ақпараттың мазмұнын, тәртібін, мерзімдері мен мұндай ақпаратты ашу әдісін көрсете отырып, өз қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабардар ету тәртібі:

Эмитент облигацияларды ұстаушылардың өкілін Эмитент пен биржа арасында жасалған эмиссия жүргізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздардың листингісі туралы шартта көрсетілген мерзім мен тәртіпке сәйкес хабардар ете отырып, сондай-ақ өзінің ресми web-сайты - www.asiacreditbank.kz, сондай-ақ Биржаның ресми сайттарында www.kase.kz және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзім мен тәртіпке сәйкес Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында (www.dfo.kz) хабарламаны жариялай отырып, облигацияларды ұстаушылардың назарына өзінің қызметі, қаржылық жай-күйі және шектеулерді (ковенанттарды) орындағаны туралы жеткізеді және жоғарыда көрсетілген мәліметтерді тұрақты жаңартып отырады.

Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, аталмыш бұзушылық туралы хабардар ету тәртібі осы облигациялар Проспектісінің «Эмитент қолданатын шектеулер (ковенанттар) тармағында көзделген».

24. Облигацияларды орналастырудан келіп түсетін ақшаны пайдалану туралы мәліметтер:

Эмитент ұзақмерзімді өтілімдікті сақтау үшін ресурстарды ұзақ мерзімге тарту мақсатында облигациялардың шығарылымын жүзеге асырады. Облигацияларды орналастырудан алынған ақша кредит беру бағдарламаларын іске асыру арқылы Банктің шағын және орта бизнесіне кредит беру, экономиканың нақты секторының ірі кәсіпорындарына кредит беру, сондай-ақ инвестициялық жобаларға ұзақмерзімді кредит беру саласындағы қызметін жандандыруға және Эмитент ұсынатын қызметтердің ауқымын кеңейтуге бағытталады.

Эмитент облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны үлестіру тәртібіне өзгертулер енгізуді жоспарлап отырған жоқ.

Жоспарланып отырған облигацияларды орналастырудан келіп түсетін ақшаны үлестірудегі аталған мақсаттар өзгерген жағдайда, Эмитент облигация шығарылымының осы проспектісіне өзгертулер мен толықтырулар енгізеді.

25. Облигацияларды өтеу уақытына дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңі бойынша сыйақы төлеу мен негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті Эмитенттің ақшалай қаражаттарының көздері мен ағындарының болжамы:

Купондық сыйақы төлеу мен негізгі борыш сомасын төлеу үшін Эмитент негізгі қызметтен келіп түсетін ақшалай қаражаттың ағындарына болжам жасайды.

Облигацияларды өтеу уақытына дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңі бойынша сыйақы төлеу мен негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті Эмитенттің ақшалай қаражаттарының көздері мен ағындарының болжамы:

Қупондық сыйақы төлеу мен негізгі борыш сомасын төлеу үшін Эмитент негізгі қызметтен келіп түсетін ақшалай қаражаттардың ағындарына болжам жасайды.

	2014 год		2015 год		2016 год		2017 год		2018 год		2019 год		2020 год		2021 год		2022 год		2023 год		2024 год	
	1-ч	2-ч	1-ч	2-ч	1-ч	2-ч	1-ч	2-ч	1-ч	2-ч	1-ч	2-ч	1-ч	2-ч	1-ч	2-ч	1-ч	2-ч	1-ч	2-ч	1-ч	2-ч
Целевые бумаги (нетто)	-3 965 499	-28 000 000	-6 000 000	-5 000 000	-3 000 000	-2 800 000	-3 500 000	-4 200 000	-5 000 000	-1 000 000	-4 000 000	-4 000 000	-2 600 000	-5 000 000	-4 000 000	-5 000 000	-3 000 000	-1 000 000	-4 000 000	-6 000 000	-5 000 000	-7 000 000
МБ Депозиты и займы, полученные от фин. организаций	-2 226 461	-1 000 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000	-500 000
Размещение облигаций																						
Целевые бумаги, рт.ч.																						
Выплата процентов по 1-му выпуску 1-й обл. программы	-379 120	-379 120	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Выплата процентов по 2-му выпуску 1-й обл. программы	-245 206	-245 238	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000
Выплата процентов по 3-му выпуску 1-й обл. программы	0	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000	-400 000
Выплата процентов по 1-му выпуску 2-й обл. программы	0	0	-800 000	-1 600 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000	-2 000 000
Погашение основного долга по 1-му выпуску 1-й обл. программы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Погашение основного долга по 2-му выпуску 1-й обл. программы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Погашение основного долга по 3-му выпуску 1-й обл. программы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Погашение основного долга по 1-му выпуску 2-й обл. программы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Кредиты (нетто)	-18 183 617	-45 545 441	-22 254 533	-20 526 672	-5 769 529	-5 463 622	-7 018 218	-7 122 054	-8 338 154	-6 858 681	-8 704 146	-8 636 387	-9 340 532	-11 372 172	-10 381 023	-8 753 195	-12 334 258	-14 698 524	-17 887 531	-18 198 520	-16 758 632	-16 465 375
Прочие (нетто)	-148 433	-1 638 613	-1 773 852	-3 774 332	-4 051 885	-4 630 687	-2 486 799	-3 533 349	-1 643 572	-5 118 488	-2 186 320	-6 902 899	-4 089 218	-4 722 706	-3 104 904	-4 827 611	-4 630 687	-5 086 799	-5 533 349	-4 643 572	-4 118 488	-5 722 706
Выбытие денег всего	-25 148 310	-74 208 412	-32 528 384	-32 601 004	-16 521 414	-16 594 310	-16 705 017	-18 555 402	-18 682 026	-16 677 169	-18 590 465	-33 539 285	-19 329 751	-34 394 878	-20 385 938	-31 480 806	-23 484 945	-25 285 323	-29 920 800	-31 545 092	-28 377 120	-31 688 081
Доплаты	41 720 481	51 174 331	14 195 560	12 713 560	9 208 000	15 460 000	17 634 000	18 034 000	20 098 000	18 918 000	20 822 000	33 079 000	21 901 000	31 276 400	22 083 720	34 360 120	26 083 720	27 083 720	28 901 000	29 098 000	30 634 000	33 079 000
Погашение ссуд, выданных по соглашению обратного РЕПО	969 117	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Размещение собственных облигаций	821 777	10 000 000	20 000 000	20 000 000	10 000 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Балла																						
Прибыль																						
Деп. Капитализация																						
Поступление денег всего	43 511 375	61 174 331	34 195 560	32 713 560	19 208 000	15 460 000	17 634 000	18 034 000	20 098 000	18 918 000	20 822 000	33 079 000	21 901 000	31 276 400	22 083 720	34 360 120	26 083 720	27 083 720	28 901 000	29 098 000	30 634 000	33 079 000
Денежные на начало	5 380 698	23 743 743	10 709 662	12 376 838	12 489 394	15 175 980	14 041 671	14 970 654	14 449 252	15 865 226	18 106 056	20 337 591	19 877 306	22 448 555	19 330 077	21 027 870	23 907 870	26 505 959	28 304 356	27 284 476	25 040 384	27 297 263
Денежные на конец	23 743 743	10 709 662	12 376 838	12 489 394	15 175 980	14 041 671	14 970 654	14 449 252	15 865 226	18 106 056	20 337 591	19 877 306	22 448 555	19 330 077	21 027 870	23 907 870	26 505 959	28 304 356	27 284 476	25 040 384	27 297 263	28 688 182

26. Эмитент қолданатын шектеулер (ковенанттар) (егер бұл Эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделген болса):

облигациялардың осы шығарылымында келесі шектеулер (ковенанттар) қабылданады:

- 1) облигациялардың қандай да бір шығарылымына қатысты сыйақы төлеу мерзімі келіп жеткен және олар бойынша кез келген сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалмауы 14 (он төрт) жұмыс күні бойы жалғасатын кезде сондай орындалмауға жол бермеу;
- 2) Эмитенттің және Еншілес ұйымдарының кез келген қолданылатын жеңілдік кезеңі біткеннен кейін төлем мерзімі келіп жеткенде берешек бойынша негізгі сомаға немесе сыйақыға немесе сыйлықақыға қатысты 25 000 000 (жиырма бес миллион) АҚШ долларынан (немесе кез келген өзге валютадағы немесе валюталардағы оған баламалы сомадан) асатын кез келген соманы төлеу бойынша міндеттемелерінің орындалмауына жол бермеу;

Биржаның Листингілік комиссиясымен ұсынылған шектеулер (ковенанттар):

- 3) Эмитент пен Биржаның арасында жасалған листинг шартымен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есеп беру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- 4) Эмитент пен Биржаның арасында жасалған листинг шартымен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

Жоғарыда көрсетілген ковенанттар бұзылған жағдайда, бұзылу орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент бұзылу себептерін, аталмыш бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін толық сипаттай отырып, көрсетілген шарттардың бұзушылығы туралы хабарламаны Эмитенттің (www.asiacreditbank.kz) және Биржаның (www.kase.kz) ресми сайтында жариялау міндеттенеді.

Егер аталмыш хабарлама жарияланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Эмитент аталған ковенанттардың бұзылуын жоймаса, облигацияны ұстаушыларға хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай өткен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жиналған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың атаулы құнына сәйкес келетін баға бойынша облигацияларды өтеп сатып алуды талап ету құқығы ұсынылады.

Эмитент орналастырылған облигацияларды облигацияны ұстаушылардың талап етуімен «Бағалы қағаздар нарығы туралы» №461-II Заңның 15 бабы 2 тармағында көзделген купондық сыйақы ескерілген облигациялардың тиісті атаулы құнына сәйкес келетін бағада сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

27. Опциондар туралы ақпарат:

Аталмыш шығарылым облигациялары бойынша опциондар көзделмеген.

28. Айырбасталатын облигациялар:

шығарылым айырбасталмайды.

29. Облигацияларды орналастыру әдісі:

1) облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі:

облигациялар сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналыстың барлық мерзімінің ішінде орналастырылады.

2) жазылым арқылы акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастыру кезінде айырбастау шарттары көрсетіледі:

шығарылым айырбасталмайды.

3) облигацияларды төлеу шарттары және тәртібі:

облигацияларды орналастыру Биржаның сауда жүйесінде сауда-саттық өткізу арқылы жүргізілетін болады, облигациялар үшін төлем жасау сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарушы директор - Басқарма мүшесі

М. Жусупов

Бас бухгалтер

Н. Мусагалиева



«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕДІ

2014 ж. «21 қараша»



Прошито и
пронумеровано
на 56 листах